

Қазақстан Республикасы
Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

№ 3

Зайсан қаласы

20 наурыз 2025 жыл

Қоғамдық кеңес төрағасы
Қоғамдық кеңес хатшысы

Уәли М.
Ж. Қалихан .

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері – 15

Қатысқаны – 11

Қатыспағаны – 4

Оның ішінде:

Денсаулығына байланысты – 1

Іс сапарда –

Белгісіз – 3

Күн тәртібінде

1. Ұйымдастыру мәселесі.

а) Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесінен шығару.

ә) Аудандық қоғамдық кеңестің құрамын толықтыру.

б) Төралқа құрамын толықтыру.

в) Комиссия төрағаларын, орынбасарларын сайлау туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық қоғамдық кеңес төрағасы
М.Уәли.

2. «Зайсан ауданы мәслихатының 2024 жылғы 28 тамыздағы №25/4-VIII «Зайсан ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы және мөлшерін бекіту» туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы **Жанар Болатқызы Қинашева.**

3. Зайсан ауданы бойынша конкурсқа ұсынылатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тізімі туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы
Қайрақбаев Еркін Қасенович.

4. Зайсан аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық құрылыс және сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы **Асхат Арғынғазыұлы Утебаев.**

5. Аудандық жер комиссиясының құрамына аудандық Қоғамдық кеңестің бір мүшесін ұсыну туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық қоғамдық кеңес төрағасы **М.Уәли.**

6. Кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы.

Хабарламашы: Зайсан ауданының Тұрғын үй –коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы **Жұмағалиев Али Маратұлы.**

7. Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Хабарламашы: Зайсан аудандық қоғамдық кеңес төрағасы **М.Уәли.**

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли.

Бүгінгі Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысын өткізуге қажетті кворум бар. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысы ашылсын деген ұсынысты дауысқа қоямын?

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Аудандық қоғамдық кеңестің отырысы ашық, қоғамдық кеңестің күн тәртібін бекітіп алуымыз керек. Күн тәртібі сіздерге таратылып берілген, Сіздер танысты ма деп ойлаймын.

Күн тәртібіне кімнің алып қосары бар? Жоқ болса . Аудандық қоғамдық кеңестің күн тәртібін бекітуді дауысқа қоямын.

Жақтап бәрі

Қарсы жоқ

Ұстап қалушылар жоқ

Қоғамдық кеңестің күн тәртібі бекітілді.

Аудандық қоғамдық кеңес мүшесі Б. Жапсарбаев мемлекеттік органға жұмысқа орналасуына байланысты қоғамдық кеңес мүшесінен босату жөнінде өтініші бар. Сондықтан Б. Жапсарбаевты қоғамдық кеңес мүшесінен шығару жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын?

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Ұсыныс қабылданды.

Б) Қ.Р. Қоғамдық кеңестер туралы заңына сәйкес аудандық қоғамдық кеңесті жұмыс тобы қалыптастырып кеткен резервтен аламыз. Резервте ең балы жоғары Боранбаев Маратхан Женисханович тұр. Осы азаматты қоғамдық кеңес құрамына енгізу жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

М.Ж.Боранбаев аудандық қоғамдық кеңестің құрамына енгізілді.

Енді төралқа құрамына толықтыру жөнінде сұраққа көшеміз.

Төралқа құрамына Қ. Сайрановты енгізу жөнінде ұсыныс бар. Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ болса осы ұсынысты дауысқа қоямын?

Жақтап: бәрі

Қарсы: жоқ

Ұстап қалушылар: жоқ

Қ. Сайранов аудандық қоғамдық кеңес төралқасына сайланды.

Өткенде қалған төралқаны сайлағанбыз. Сонымен аудандық Қоғамдық кеңестің төралқасын төмендегідей құрамдадеген ұсыныс бар.

1. Уәли Марат Қалиасқарұлы – төрағасы
2. Қаламов Мұратбек – төраға орынбасары
3. Бошақов Манарбек Шошабайұлы – мүшесі
4. Сайранов Қабиолда – мүшесі
5. Кабидолдина Нұрғайни Нұрбекқызы – мүшесі

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Ұсыныс қабылданды.

Енді Қоғамдық кеңестің комиссияларын тағы бір реттеп алайық. Өткенде комиссиялар саны мен аттарын, құрамын келіскенбіз бүгін жаңа мүше қабылдануына байланысты Б. Жапсарбаевтың қоғамдық кеңестің, комиссиялар құрамына шығуына байланысты азғантай өзгеріс жасау жөнінде ұсыныс бар. Комиссия төрағалары мен орынбасарларын айлап алсақ деген ұсыныс бар. Сонымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл комиссиясы төмендегі құрамда қалыптастырса деген ұсыныс бар

1. Қаламов Мұратбек Хамзинович – төрағасы
2. Загипаров Еркебұлан Серікұлы – мүшесі
3. Бұйранов Серікбек Қуанышбекұлы – мүшесі
4. Төлепбергенов Марат Қабиолданович – мүшесі

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ болса осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Ұсыныс қабылданды.

Әлеуметтік, мәдени және қоғамдық саяси даму жөніндегі комиссиясы төмендегідей құрамда болсын деген ұсыныс бар.

1. Боранбаев Марат – төрағасы
2. Балғабаев Болатбек Балғабайұлы – төраға орынбасары
3. Жақсылықов Сакен Серикович – мүшесі
4. Манарбеков Жасұлан Манарбекович – мүшесі
5. Серік Саягүл Болатқызы – мүшесі

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ болса онда осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Ұсыныс қабылданды.

Экономикалық даму комиссиясын төмендегі құрамында ұсынамын

1. Уәли Марат Қалиасқарұлы – төрағасы
2. Бошақов Манарбек Шошабаевич – төраға орынбасары
3. Бесенбаев Бақытбек Бияхметович – мүшесі
4. Кабидолдина Нурғайни – мүшесі
5. Қарабаев Ернар Жанабекович – мүшесі

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ болса онда осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Жактап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Ұсыныс қабылданды.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы **Жанар Болатқызы Қинашева**ға беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Кімде қандай сұрақтар бар:

—**М.Уәли:**—Шегаралы аудандар үшін көбірек қосуға болмай ма?

—**Ж.Қинашева:**— Бұл ақша бюджет есебінен ауылды елді мекендерде тұратын, дипломы бар жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге беріледі

—**М.Уәли:**— Бұл жоба қашаннан бері бар?

—**Ж.Қинашева:**— 2005 жылдан бері бар. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шыққан заң.

—**Қ.Сайранов:**— Осы заңға байланысты бір сұрақ. Бугалтер мамандығы барлық жерде тапшы. Осыған байланысты бугалтерлерді де осы жобаға қосса, қалай болады?

—**Ж.Қинашева:**— Иә, заңдылығына сүйеніп басқа мамандықтар деп қосуға болады.

—**М.Уәли:**— Басқа сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, бұл жобаны мақұлдауға дауысқа қоямын.

Жактап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Шешім: «Зайсан ауданы мәслихатының 2024 жылғы 28 тамыздағы №25/4-VIII « Зайсан ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы және мөлшерін бекіту» туралы шешім жобасы мақұлданды.

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы **Қайрақбаев Еркін Қасеновичке** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

—**М.Қаламов:** — Аэропорт салатын жерлерді конкурсқа бересіздер ме?

—**Е.Қайрақбаев:** — Заң бойынша мемлекеттік қажеттілік үшін алынатын жерлер. Арнайы алыну рәсімдеріде бар. «Мемлекеттік мүлік заңы» бойынша рәсімдері өте ұзақ. Жер иесі келісімін бері, барлық құжаттарға қол қойғанның өзінде 3,5 ай уақыт кетеді. Заң бойынша орнына басқа жер беру керек.

—**М.Уәли:**— Мына тізімде қауымдастықтан кері қайтарыпты ғой.

—**Е.Қайрақбаев:** — Көшербаев Амангелді деген азаматтың жері, уақыты бітіп қалды. Ол кісі қайтадан өтініш беріп отыр.

—**М.Уәли:**— Өткен отырыста конкурсқа ұсынылған Айнабұлақ ауылындағы жерлер ауыл маңына қарасты жерлерге кіреді дейді. Сосын біз келісім берген жоқпыз.

—**Е.Қайрақбаев:** — Ауыл қауымдастықтарының қарсы болып отырған себебі таудың маңайы, «Темір судағы» жерлер ол жерлерді ешкімге бермей, қосымша ұстап отырса дейді.

—**М.Бошақов:**— Жайлаудағы жерлерді пайдаланып отырған шаруа қожалықтары мерзімі біткенде қайта мерзімдерін ұзарта ала ма?

—**Е.Қайрақбаев:** — Жоқ ұзарта алмайды себебі заңға өзгерістер енген жоқ.

—**Қ.Сайранов:**— Шегерадағы жерлер мәселесі бойынша арнайы отырыс өткізу керек. Шакарадағы көп жерлер қытайларға беріліп жатыр. Көп қытайлар Қазақстанға кіріп жатыр.

—**М.Уәли:**— Басқа сұрақ, ұсыныстарыңыз бар ? Жоқ болса, онда ауыл округтарының қауымдастықтарының келісімдері бар жерлерді конкурсқа ұсынылсын деп дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан ауданының Тұрғын үй —коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы **Жұмағалиев Али Маратұлына** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

–**Қ.Сайранов:**– Бұл мәселе күшіне енді ме?

–**А.Жұмағалиев:**– Бұл жобаны бекітіп берсеңіздер, біз қала әкімімен бірігіп үйлерді аралап жиналыс өткіземіз.

–**Қ.Сайранов:**–Ауданның ішіндегі жолдарда сіздердің бөлімдеріңізге қарай ма? Ауылдарға баратын жолдар уақытылы неге жөнделмейді, Қаратал мен Шалқар ауылдарына баратын жолдар айналмалы жол болып кетті. Екінші мәселе Шалқар деген жазу бар да, Қаратал деген жазу жоқ. Соның салдарынан халыққа көп қолайсыздық тудырып жатыр. Жол белгілеріде жол ережесіне сай қойылмаған. Айтып өткен мәселелер қашан шешіледі?

–**А.Жұмағалиев:**–Осы мәселе бойынша алдағы уақытта қараймын.

–**М.Қаламов:** – Жаңа Ақаралдыдың трассасына тенер ойнатылды ма?

–**А.Жұмағалиев:**– Жаңа Ақаралдыдың трассасына сметалық есептеме жасалды, сессиядан кейін сараптама жасауға ақша сұраймын. Сарапшыларды шақырып қорытынды алғаннан кейін, облыстан ақша бөлуді сұраймын.

–**М.Уәли:**– Басқа сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, бұл жобаны мақұлдауға дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі

Қарсы: Жоқ

Ұстап қалушылар: Жоқ

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық құрылыс және сәулет , құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы **Асхат Арғынғазыұлы Утебаевтың** отырысқа келмеуі себепті бөлім мамандары **Калимолдина Ира Халеловна** және **Мейрамханұлы Ертайға** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

–**М.Уәли:**– Бөлімдеріңізден атқарылып жатқан жұмыстарыңыз жайлы және қандай қызмет көрсетесіздер, сол туралы аудандық «Достық» газетіне және аудан әкімдігінің ресми сайтына неге жарияланбаған?

– **Е.Мейрамханұлы:**– Алдағы уақытта тікелей эфирге шығып , сұғбат береміз деген жоспарда бар.

–**М.Уәли:**– 2024 жылдың қаңтарында «Жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен – жайын анықтау бойынша газеттерге, сайттарға неге жарияланбаған?

– **И.Калимолдина:**– Наурыз мейрамынан кейін жариялаймыз.

–**М.Уәли:**–Бөлімдеріңізде сәулетші кім?

– **И.Калимолдина:**– Мен сәулетші.

–**М.Қаламов:**–Заң бойынша сәулетші бөлім басшысы болу керек.

–**М.Уәли:**– Боқажанов көшесінде қызыл шекараны сақтамай гараж т.б құрылыстарын салып тастаған. Осыған неге шектеу қоймайсыздар?

– **И.Калимолдина:**– Осындай құрылыс иелеріне ГАСК мекемесінен келіп айыппұл салып жатыр.

– **М.Бошақов:** – Қазіргі кезде бақшалық суды жуынды шәйіндісін төгіп, лаптап жіберді. Осы мәселені көтеріп, Қоғамдық кеңесте мониторинг жүргізсек деген ұсынысым бар.

–**М.Уәли:**– Бұл ұсынысыңызды құптаймын қоғамдық кеңес Зайсанның көшелеріне мониторинг жасап, қайтадан Утебаевты, қала әкімін шақырып осы мәселені қарау керек. Басқа сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, хабарламасы еске алынсын.


Ұсыныс:

1. Аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімі басшысының мемлекеттік қызмет көрсетуде атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде хабарламасы еске алынсын.
2. Зайсан аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөліміне (А.Утебаевқа) бөлім тарапынан мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту, көрсетілген мемлекеттік қызметтер жөнінде аудандық «Достық» газетіне, аудан әкімдігінің ресми парақшаларына жариялап отыру ұсынылсын.

Әр қызметтің қағидаларында өзгерістер болса, міндетті түрде жариялануы тиіс. Сонымен қатар «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекен – жайын беру/жою мемлекеттік қызметінің» Қағидасын осы жылдың 31 наурызына дейін аудандық «Достық» газетіне және аудан әкімдігінің ресми парақшаларына жариялансын.

Зайсан аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы:

**Қоғамдық кеңес
хатшысы :**

 **М.Уәли.**
Қалихан Ж.